

**Т. Жармағамбетов атындағы орта мектебінің 4 «Б» сынып оқушыларымен  
2023-2024 оқу жылының жүргізілген тәрбие жұмысына  
Талдау**

Жеке тұлғаның қалыптасуы - үздіксіз және күрделі процесс. Ата- бабамыз ұлды өздеріндей еңбексүйгіш, жауынгер, бесаспап етіп тәрбиелеуді мақсат етсе, қыз баланы ибалық сақтауға баулып, адамгершілік, имандылық, эстетикалық тәрбие берген. Осы орайда жаңа оқу жылының басында балалардың жас ерекшелігі ескеріле отырып, тәрбие жұмысының жоспары жасалып бекітілді. Тәрбие сағаттары жоспар бойынша жүргізілді. Қыркүйек айы Білім күні «Мектеп- мейірім мекені» атты тәрбие сағатымен басталды.

Тәрбиенің бағыттарына сәйкес «Тіл- ұлттың жаны», «Салауатты өмір- жарқын болашақ», «Отбасы құндылығы -сарқылмас қазына», «Буллинг және оған қарсы тұру», «Республика күні», «Әкеге- ізет, анаға -құрмет», «Теңге- тәуелсіздік кепілі», «Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік», «Қауіпсіз интернет», «Мақал- сөздің азығы, жұмбақ-ойдың азығы», «Адамгершілік -құнды қасиет», «Бәрі де, Ана, бір өзіңнен басталады», «Наурыз -жыл басы», «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы», «Ұмыт болған ұлттық тағамдар», «Сөз қадірі - өз қадірін», «1 мамыр -Қазақстан халықтарының бірлігі күні», «Адамдық борыш -ар үшін» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.

Жолда жүру ережелерімен таныстыру мақсатында полиция қызметкері түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Өткізілген сабақтарда жолда жүру белгілері туралы сұрақтар, мақал-мәтелдер, ойындар ойнатылып, денсаулықтың ең қажетті байлық екені түсіндірілді.


Оқушыларды жауапкершілікті сезініп, жолда жүру ережелерін сақтауға тәрбиелеп, дұрыс түсінік қалыптастырды.

Отбасы құндылығы, отбасындағы дәстүрлер туралы ата аналарымен видеороликтер түсірді Мерекелерге байланысты ұйымдастырылған мектепшілік шараларға, сурет көрмелеріне, пәндік сайыстарға белсене қатысып, марапаттарға ие болды. Сонымен қатар қашықтықтан облыстық, республикалық байқауларға да қатысып, жүлделі орындарға ие болды. «Балалар және ғарыш» республикалық байқауының «сәндік қолданбалы шығармашылық» номинациясы жүлдегері Құрал А, облыстық «SMART оқушы» интеллектуалды олимпиадасының жүлдегерлері Төрехан М, Серіков Е, Мырзағұл Ф, Құрал А, Қобылан Н, «Абай оқулары» конкурсының жүдегері Мырзағұл Ф, «Ақбота» зияткерлік олимпиадасының жүлдегерлері Омарғали Ы, Табынбай Н, «Тәуелсіздік дарыны» эссе байқауы Табынбай Н, облыстық «Кішкентай білгірлер» олимпиадасында Байғанин ауданының «Эрудит» командасы құрамында Табынбай Н /II орын/ атап өтуге болады.

Тоқсанына бір рет ата-аналар жиналысы өткізілді. Балаларымен бірге тренингтер өткізілді, қызықты тапсырмалар орындады. Бала тәрбиесі туралы таныстырылымдар жасалып, ата -ана пікірі тыңдалды. Оқушылардың білімі, тоқсандық, жылдық қорытынды бағалары туралы айтылды. Және де жазғы мектепке және мектепшілік лагерге қатыстырылу, жазғы каникул кезіндегі балалардың қауіпсіздігі туралы ескертілді.

Ата-аналармен үнемі байланыс жасалып отырылады. Оқушылар өздеріне қойылған талаптарды үнемі орындап отырды.

Сынып жетекшісі:



Сәуірбай А. Б